

6D110200 – «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші Ермаханова Жанар Акбаровнаның

диссертациясына берілген

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ

ПІКІРІ

Ермаханова Жанар Акбаровнаның Оңтүстік Қазақстан облысының еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың аурулардың түзелу заңдылықтарын зерттеуге арналған және оның алдын алу технологиясын жетілдіру жолдарын шешуге арналған диссертациялық еңбегі қазіргі таңдағы қоғамдық денсаулықтың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Докторант ғылыми жұмысында осы әлеуметтік топтағы тұрғындар арасында аурушандықтың деңгейі мен динамикасын бағалап, мүгедектік пен өлім-жітім көрсеткіштерін статистикалық талдау арқылы, БМСК деңгейінде жүргізіліетін жүрек қан тамырлар жүйесі ауруларының алдын алу және емдек шараларының тиімділігін, әлеуметтік және ұйымдастырушылық сипаттағы себептері анықталған. Біріншілік медициналық санитарлық-медициналық көмектің көрсетілу сапасы туралы диспансерлік контингенттің, емделуші пациенттердің берген пікірлері бағаланған.

Диссертациялық еңбекті орындау барысында репрезентативті таңдамалы жиынтыққа сүйеніп, нәтижелердің шынайылығын дәлелдеу үшін орта квадраттық ауытқудың көмегімен оның 5 пайызға дейін ғана ауытқуын қамтамасыз еткен. Алынған ғылыми нәтижелердің өзара бір тұтастығы жоғары дәрежеде орындалған.

Жүрек қан тамыр жүйесі ауруларына алып келетін патологиялардың диагностикасын жақсарту, осы аурулардың алғашқы сатыларында анықтау, осы науқастардың ерте жастан өлімге ұшырауын төмендетуге жол ашады.

Дұрыс ұйымдастырылған алғашқы профилактика мен емдеу шаралары тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығын арттырады.

Диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдар мен отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың басылымдарында жарық көрген. Ал қол жеткізген нәтижелерге негізделген оқу-әдістемелік құралдары емханалық-амбулаторлық ұйым дәрігерлерінің, БМСК деңгейіндегі жалпы тәжірибелі дәрігерлердің, интерн, резиденттердің егде жастағы тұрғындарда жүрек қан тамыр жүйесі аурулардың алдын алуға бағытталған профилактикалық-емдік шараларын жетік ұйымдастыруға көмектесетіндігіне күмән туғызбайды.

Диссертациялық еңбектің мазмұны мен құрылымы Докторанттың өзімен орындалған, толық аяқталған.

Бұл зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толық растаймын және осы жұмыстың авторы Ермаханова Жанар Акбаровна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Жоғары медициналық білімнен
кейінгі білім беру институтының
«Профилактикалық медицина
және стоматологиялық пәндер»
кафедрасының
М.ғ.д., профессор

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Жоғары медициналық білімнен
кейінгі білім беру институты
РАСТАЙМЫН
ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ

В. Садыр Есү



Булешов М.А.